

● ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ӘЗЕРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ИЛЬХАМ ӘЛИЕВпен кездесті. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫЛАРЫ РЕСМИ КЕЗДЕСУ РӘСІМІНЕН СОҢ «ЗАГУЛЬБА» РЕЗИДЕНЦИЯСЫНДА ШАҒЫН ҚҰРАММЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ. КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА САЯСИ, САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ДАМУ АХУАЛЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ, СОНДАЙ-АҚ КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНІРЛІК ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ.

БАУЫРЛАС ЕЛМЕН БАЙЛАНЫС НЫҒАЯДЫ

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Әзербайжан арасында ежелден тарихи және мәдени байланыстарға негізделген достарлық сипатындағы екіжақты қарым-қатынас қалыптасқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы әлемдік экономикадағы қазіргі кездегі жаңа үрдістер екі ел серіктестігін одан әрі дамытуға тың серпін бере алатынын айтты.

— Өлемдегі дағдарыстық құбылыстар ұлттық экономикамызға айтарлықтай залалын тигізіп жатқанын көріп отырмыз. Сонымен қатар, бұл бірлескен жаңа өндірістер ашып, жасырын мүмкіндіктерімізді пайдалануға жол ашуда. Экономиканы әртараптандырып, инновациялық технологияларға назар аудару қажет, — деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев екіжақты ынтымақтастықтың барлық саласында өзара іс-қимылды үдету, соның ішінде Қазақстан мен Әзербайжанның көлік-транзит әлеуетін дамыту қажеттігін атап өтті.

— Бұл кездесу елдеріміздің өзара іс-қимылын одан әрі тығыз дамытуға мүмкіндік туғызатын жаңа форматтағы қарым-қатынасымызға тың серпін беруге тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Қазақстан Президенті екі мемлекеттің халықаралық саладағы өзара түсіністігіне және

ұстанымдарының ұқсастығына назар аударды. Бұдан бөлек, Нұрсұлтан Назарбаев И.Әлиевті 2016 жылғы референдумда Әзербайжан халқының ел конституциясына енгізілетін, президенттің өкілеттік мерзімін ұзартуға бағытталған өзгерістерді қолдағанымен құттықтады.

И.Әлиев ынтымақтастықты одан әрі нығайтып, оның аясын кеңейту жолында Қазақстан Президентінің сапары маңызды екенін айтты. — Бүгін қол қойылғалы отырған құжаттар екіжақты қарым-қатынасты әрі қарай нығайтуға септігін тигізетініне сенімдімін. Қазақстан біз үшін достас, бауырлас ел болып саналады. Біз бүгінгі кездесуге зор мән беріп отырмыз, — деді И.Әлиев.

Сонымен бірге, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев Қазақстанның Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен жеткен жетістіктерін атап өтті.

Қазақстан Президенті Әзербайжанның азаттығы мен аумақтық тұтастығы жолында қаза тапқан бағыр перзенттері жерленген Шаһиттер аллеясындағы мәңгілік алауға гүл шоғын қойды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Әзербайжанның жалпыұлттық көшбасшысы Гейдар Әлиев пен оның зайыбы Зарифа Әлиеваның бейітіне гүл шоғын қойды.



● АКТИВ

БАСҚАРМАДА ЖАҢА БАСШЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен актив жиыны өтіп, онда қалдық өзгерістер хабарланды. Аймақ басшысының өкімімен облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы болып Нұрлыбек Жолдасбаев тағайындалды.

Облыс әкімі жиында басқарманың жаңа басшысын таныстыра отырып, тәжірибелі, білікті маман екендігін жеткізді. Сонымен қатар, аудан басқарып, бірнеше басқармаға жетекшілік еткен. Оның жаңа қызметті де абыроймен атқаратындығына сенім білдірді. Айта кетейік, Нұрлыбек Қалжатайұлы 2013 жылдан бастап облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы қызметінде болды.

Нағымжан САУАЕВ.

● КӘСІПКЕРЛІК

ЖАҢА САУДА ОРТАЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТІН БАСТАДЫ

Сауда сөрелері тауарға самсып тұр. Ендігі мақсат — азық-түлік бағасын тұрақтандыру екені бәсеңдеп белгілі. Облыстағы іскер азаматтың бірі Ержан Ескендір халыққа тиімді баға мен сапалы тауар ұсынуға жол ашты. Белгілі кәсіпкердің бастамасымен жексенбіде «Шұғыла» шағын ауданынан «Қызылорда оптомаркет» сауда орталығының түсәукесері өтті.

Жаңа нысанның ашылу салтанатында қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев орталықты ашқан кәсіпкерге қала жұртшылығы атынан алғыс білдірді.

— Мемлекет басшысы жыл сайынғы Жолдауларында ел экономикасына басты серпін беретін шағын және орта бизнестің әлеуетін арттыру мәселесін назардан тыс қалдырған емес. Бұған қоса, кәсіпкерлердің бастаған ісін одан әрі дамытуға мемлекет тарапынан жеңілдетілген несие беріледі. Тұрғындарға жайлы сауда орталығын ашып, бірнеше адамды жұмыспен қамтыған «Алпамыс» жеке кәсіпкерлігіне риясыз алғысымды білдіремін және жаңа

бастамаларыңызға табыс, кәсіптеріңізге береке тілеймін, — деді ол. Мұнан соң шаһар басшысы ел игілігіне ашылған сауда орталығының жұмысымен танысып, қала халқының әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін қызмет жасауға ниетті кәсіпкерлерді қай кезде де қолдауға дайын екенін жеткізді.

Екі мың шаршы метр аумақты алып жатқан бұл сауда орталығы тұтынушыға 10 мыңнан астам тауар түрлерін ұсына алады. Оны ашуға кәсіпкер 70 млн теңгеден астам қаржы жұмсаған. Оның 40 млн теңгесін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» облыстық филиалы арқылы жылдық өсімі 8,5 пайызбен несие алыпты.

Мұнда орналасқан кондитерлік цех тұтынушыларға 20-дан астам нан өнімдерін ұсынады. Тағы бір ерекшелігі, сауда сөрелерінде отандық өнімдерге басымдық берілген. Орталық 45 адамды жұмыспен қамтитын болады. Айта кетейік, бұған дейін жеке кәсіпкер облыс орталығындағы «Шұғыла» және «Универсам» шағын аудандарынан «Қызылорда» атауымен дүкендер желісін іске қосқан болатын.

Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауын халықтың тағатысыздана күтетіні белгілі. Ірі реформалар, мемлекеттік маңызды саяси ұстанымдар, өркениеттілік пен тұрақты дамуға жол бастайтын стратегиялық басымдықтар Отанымызды экономикалық, оның ішінде әлеуметтік тұрғыдан айтарлықтай ілгерілететіні даусыз.

АДАМИ КАПИТАЛ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ БАСТАУЫ – ІЛІМ МЕН БІЛІМ

Мәселен, биылғы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы елдегі саяси жүйені жетілдіруге, адами капиталдың сапасын жоғарылатуға, отандық IT-саланы дамытуға, жаһандық экономикаға бәсекелестікті арттыруға, жаңа индустрияларды одан әрі ілгерілетуге негіз қалап отыр. Өлемді шарпыған экономикалық дағдарысқа қарамастан, халықты әлеуметтік қорғау үдерістерінің жалғасатыны да салықалы саясат пен ұтымды бағдарламалардың олжасы екені анық. Президенттің Жолдауында адами капитал сапасын жақсарту мен балабақшаларға қатысты кәсіпкерлікті дамытуда мемлекет-жекешенің серіктестігі аясын кеңейтуге зор мүмкіндік берілгендігіне айрықша тоқталып өткім келеді. Елімізде демографиялық ахуалдың жылдан жылға жақсарып келе жатқанын ескерсек, балабақша мәселесі әрдайым өзекті болып қала бермек.

«Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс. Біздің міндетіміз — білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, келешек ұрпақтың алдында тұрған келеі міндеттерді тиянақты орындау үшін оларды ең бірінші кезекте сапалы біліммен сусындатуымыз керек. Адами капитал сапасының басты көрсеткіші ұстаз бен болашақ ұрпақтың білім деңгейінен айқын аңғарылады.

2-бет



● ӨНЕРКӘСІП ӨРІСІ

Кәсіпорындардың экспорттық үлесі артуда

Мемлекет басшысының жыл басында Қазақстан халқына жариялаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауынан туындайтын міндеттердің бірі — «Басым салаларда бәсекеге қабілетті экспорттық өндірісті дамыту үшін индустрияландыруды жалғастыру» болып табылады. Осы ретте, бұл бағыттағы жұмыстар облыс көлемінде Индустрияландыру бағдарламасының екінші бесжылдығы аясында жүргізілуде.

Бірінші бесжылдық аясында өңірде 17 жоба іске қосылғаны белгілі. Екінші бесжылдықта іске асырылатын 24 жобаның бүгінгі күні 4 жобасы іске қосылды.

Бұл кәсіпорындар экспортқа балық, тұз, сұйытылған газ, ванадий және биылғы жылдан бастап мия тамыры өнімдерін шығара бастады.

Облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасы мамандарының берген мәліметтеріне сай 2017 жылдың қаңтар-ақпан айларында барлық іске қосылған кәсіпорындар 2,5 млрд теңгенің өнімін өндірген болса, оның үштен бірі, яғни, 925,2 млн теңгенің өнімі экспортқа шығарылған. Есепті кезеңде картадағы жобалармен экспортқа шығарылған өнім көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,8 есеге өсті (2016 жылғы қаңтар-ақпанда — 479,6 млн теңге).

Айта кету қажет, өткен жылы картадағы жобалардың өнімі 8 мемлекетке шығарылған болса, 2017 жылы 10 мемлекетке жөнелтіліп отыр. Сонымен қатар, 2017 жылы Индустрияландыру бағдарламасы аясында өнімі экспортқа бағытталған екі бірдей жоба іске қосылатын болады. Оның бірі, биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында іске қосылатын «Тримо» серіктестігінің «Ушқосидті молибден өндіру» жобасы. Өндірілген өнім Жапония және т.б. елдерге 100 пайыз экспортталады (құны — 871,5 млн теңге, қуаты — 500 тонна молибден өндіру, жұмыс орны — 58 адам).

Екінші ірі жоба — жыл соңына дейін

іске қосылуы жоспарланған «Шыны зауыты» жобасы (құны — 36,7 млрд теңге, жұмыс орны 226 адам). Кәсіпорын іске қосылғанда жылына 197 100 тонна шыны өндіріп, оның 30 пайызы шетелге экспортталатын болады.

Сонымен қатар, бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды құру мақсатында, бағдарламасы аясында 2017 жылы тампонажды және құрылыс цементі зауыттарының құрылысы жалғасады. Шахкия кен байыту комбинатының, кальцийленген сода және құс фабрикасының құрылыстары басталады. Келер жылға ванадий кенішінде кен байыту фабрикасы, мотор майын шығару, титан өндіру және

томат пастасы жобаларының құрылысы жоспарланған. Қазірден бастап жобаларды іске асыруға қажетті сырттан келетін құрал-жабдықтарға келендік баж салықтарынан босату, басқа да салық түрлерінен босату сияқты жеңілдіктерді алуға Инвестиция комитетімен жұмыс жүргізілуде.

Бәсекеге қабілетті өндірістер құруды жалғастыру және картағы жобалардың санын ұлғайту мақсатында жаңадан құны 59,3 млрд теңгені құрайтын 4 жоба аясында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Олар:

100,0 мың тонна метанолдан бензин алу жобасы «Petrosilkway» ЖШС, құны — 54,9 млрд теңге.

1200 басқа арналған сүт фермасы жобасы, «Рза» АҚ, құны — 2,1 млрд теңге.

Түйе мен жылқы сүтін өндіру, бордақылау алаңын ұйымдастыру жобасы,

«Жеңіс» ШҚ, құны — 385 млн теңге және т.б.

Қызылорда қаласында мия тамырын өндіру зауыты жобасы, «БИСГрупп» ЖШС, құны 1887 млн теңге.

Картадағы өндірісі тоқтап қалған кәсіпорындардың жағдайын жақсарту бойынша да әрекеттер жасалуда.

Жаңақорған ауданындағы томат пастасын өндіретін зауытқа Оңтүстік Қазақстан облысынан жаңа инвестор — «Зерде» кәсіпорнын тарту арқылы оналту жасалды. Қазір томат егу үшін 200 гектар жер әзірленіп, голландиялық тұқымдар жеткізіліп, сәуірдің 15-нен егу жұмыстарын бастау көзделуде. Қызылорда қаласындағы «Шөгінді» шаура қожалығының жабылған сүт зауыты орнында мал бордақылау алаңын ұйымдастыру үшін құрылыс жұмыстары басталды.

2-бет



АДАМИ КАПИТАЛ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ БАСТАУЫ – ІЛІМ МЕН БІЛІМ

«Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажет», деген Елбасының сөзі қойнауы құт-берекеге толы ауылдың тыныс-тіршілігіне, ондағы мектептердің жаңа алуына зор мүмкіндік беретіні анық. Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Мектептердің және мұғалімдердің деңгейі, әсіресе, ауыл мен қалада әртүрлі. Білікті педагогтердің жетіспеу проблемасы бар», деп атап көрсетті. Бұдан біз алдымызда ауыл мұғалімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеті тұрғанын аңғара аламыз.

Биылдан бастап жалпыға бірдей тегін кәсіптік білім беру жобасы жүзеге асырылуда. Бұл – өте орынды әрі дер кезінде қолға алынған бастама. Сұранысы жоғары, аса қажет мамандарды оқытып, қайта дайындау ісіне ерекше басымдық берілетін болса, ел экономикасының дамуына оң ықпалын тигізбей қоймайды. Осы орайда алдымен елімізде ташпы мамандықтар бойынша мамандарды дайындауда жергілікті билік кәсіпорындар және кәсіпкерлермен бірлескен іс-қимыл жасауы – кезек күттірмейтін мәселе. Әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына жататын білім беру са-

ласына қатысты өзекті мәселелер оңтайлы шешім тапса, белгіленген міндеттер тиянақты орындалып, ортақ істе жауапкершілік арттырылса, бірлік пен татулықты ту еткен халқымыздың алмайтын асуы болмайды.

«Мемлекет құру жолында теңдессіз, мол тәжірибе жинап, жаңа кезеңге қадам басып отырмыз. Алдымызда қандай қиындықтар кездессе де, оларды еңсере алатынымызға сенімдімін. Біздің басты күшіміз – бірлікте», деп айтылған Жолдаудың соңындағы осы бір ауыз сөз бейбітшілік пен достықтың, ауызбіршілік пен татулықтың Тәуелсіз Қазақстанға алып келген шаралатын ұқтыра түседі. Елдің баянды болашағы мен ертеңі үшін барлық қазақстандық жұдырықтай жұмылып қызмет атқарса, елдің бұғанасы одан сайын қатай беретіні анық.

«Қазақстандағы салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» ҚБ сала қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғай отырып, туындаған еңбек дауларын дер кезінде еңбек ұжымдарында шешуге, осылайша ел бірлігі мен тыныштығын сақтауға баса назар аударып келеді.

Мемлекетті жаңғырту басымдықтары білім беру саласына артылған үміт пен сенімнің, жауапкершіліктің талабы жоғары екенін білдіреді. Ел үдесінен шығу жолында Қазақстандағы ең ірі қоғамдық ұйым ретінде «Қазақстандағы салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» ҚБ өзінің әлеуметтік әріптесі болып табылатын Білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып, халықтың білім сапасын көтеру, ұстаздардың мәртебесін арттыру сынды көкей-

кесті мәселелердің шешімін іздетіру жолында еңбек етуде.

Мемлекеттің қуаттылығы халықтың білім деңгейі мен денсаулық жағдайына байланысты өлшенеді. Ғалымды да, инженерді де, дөрігерді де алғашқы кезеңде білім нәрімен сусындатқан ұстаздар қауымы екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Адам капиталдың сапасын арттырудың негізгі бастауы да білім беру ісінің негізінде жатқанына салмақты түрде назар аударуымыз керек. Бұл сапа көрсеткішінің артуы тікелей ұстаздар қызметімен байланысты екенін аңғартады.

Қоғам алдындағы мұғалім мәртебесі мен олардың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты қазіргі деңгейден де жақсара түсетін болса, адам капиталының сапасы да жоғары нәтижелерден көрінеді. Осы орайда қоғамымызда ұстаздарға артылатын жүк те, сенім де алғашқы. Ұстаз мәртебесінің жоғары болуы – білім сапасын арттырудың бірден-бір кепілі. Оған бүкіл қоғам болып атсалысу керек. Бұл дегеніміз, ел мерейінің биіктеуіне, болашақ ұрпақтың саналы тәрбие алуына, өрендердің ел патриоты болуына тікелей оң ықпалын тигізеді. Елдің түрлі саласын жоғары деңгейге көтеру үшін кез келген адам өзінің жұмыс орнында, отбасында оған атсалысуы керек.

Майра АМАНТАЕВА,
«Қазақстандағы салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы» ҚБ төрайымы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері.
*«Егемен Қазақстан» газеті
27 наурыз 2017 жыл.*

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ҮЛЕСІ АРТУДА

«БисГрупп» серіктестігіне жаңа инвестор тарту арқылы зауыт іске қосылып, өнімін экспортқа шығара бастады. Дәл осындай тәсілмен «Алтын бала-08» серіктестігінің жұмысын жүргізуді мақсат қойылып отыр.

Сонымен қатар, облыста картадан тыс аудандар көлемінде өнімді бәсекеге қабілетті шағын кәсіпорындар белсенділіктен ашылып, жұмыс жасауда. Бір ғана Шпел ауданында жыл басынан бері 2 шағын кәсіпорын ашылған.

Құтдағы шұбат өндіретін облыс бойынша жалғыз кәсіпорын (ЖК «Ермаханов» - Ару-Ана түйе сүтін өңдеу цехы) ресейлік жаңа құрал-жабдық алып, қуатын ұлғайту арқылы жаңа өнімдер – йогурт, каймақ, сүт және айран шығара бастады. Сонымен қатар, «Мөлдір и К» серіктестігінің 11 мың басқа арналған құс фабрикасы ашылып, жылына 4 млн дана жұмыртқа мен 65 тонна құс етін өндіру көзделуде.

Қазалы ауданында балық өнімдерін экспортқа шығаратын 2 зауыттың қуаты тәулігіне 2-3 тонна болса, жыл соңына дейін жаңа келілерін іске қосу арқылы қуатын 2 есеге ұлғайтып, тәулігіне 4-5 тоннаға дейін жеткізу жоспары бар. Сондай-ақ, «Сыр маржаны» серіктестігінің жұмыс жасап тұрған мал бордақылау алаңы негізінде жылына қуаты 2 мың тонна ет консервісін шығаратын өндіріс ұйымдастыру үшін тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Облыста жаңа өндірістер ашу мүмкіндіктерін қарастыру үшін көршілес өңірлермен аймақаралық ынтымақтастықты нығайту бағытында жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өту керек. Қазіргі таңда Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарындағы 80-ге жуық кәсіпорын іріктеліп алынып, байланыс орнату бағытында жұмыстар қолға алынуда.

Ыдырыс ТӘЖІҮЛЫ.

● БАҒДАРЛАМА БАЯНЫ

АТАКӘСІПТІ АЛҒА ОЗДЫРҒАН

Қармақшы ауданының орталығы – Жосалы қыстағынан шеткері қонған үйдің төрт түлік малдың ыңғайына қарай жайланғаны бірден көзге түседі. Есік алдындағы мал бордақылауға арналған жабық қора жаңадан салынған. Үй иесі Есіркеген Ідірісовтің атакәсіпке бет бұрғанына біраз болыпты.

– Бұрын мал басын көбейтуге ғана мән беріппіз. Оның машақаты, жем-шөбі, жайылымы, жыл он екі бойы күтімі оңай емес. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай

кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасымен 4 млн теңге несие алып, мал бордақылаумен айналысуға былтыр кірістім, – дейді ол.

Есіркегеннің мал қорасы 30 басқа арналған. Өз аяғымен жайылмаған малдың да бабын жасау оңай шаруа емес. Мезгіл-мезгіл жемшөбі, суын беру, орнын тазалау керек. Кәсіпкер қыс бойы Жосалы мен Төретам кенттеріндегі, Байқоңыр қаласындағы дүкендерге шамамен 2 мың тоннадай ет өткізген. Қазір қорада тұрған 30 бас сиырдың да күйі



келісті. Бұл жерде 2 адам жұмыс істейді. Болашақта тағы да несие алып, 60 басқа арналған бордақылау алаңын салу жоспары бар. Сонымен бірге ескі мал сою алаңын жөндеп, барлық санитарлық талапқа сай етіп жабдықтауды мақсат етіп отыр.

– Кәсіп ашамын деушілерге ұсынылған мүмкіндіктерді дер кезінде пайдалану керек. Оның ішінде мал өнімдерін өңдеушілерге қолдау көрсетілмек. Осы ретте асыл тұқымды сүт бағытындағы сиырлар алып, шағын сүт зауытын ашу да оймда бар, – дейді жеке кәсіпкер Есіркеген Ідірісов.

«Мал баққанға бітеді» демекші, кәсібин дөңгелетіп, шаруасынан шашу шығармай отбасылық бизнеске айналдырған кәсіпкердің жеткен межемен тоқтап қалмайтыны байқалады. Істің қыр-сырын өбден меңгергендіктен, мал шаруашылығын өркендетуге жаңа мүмкіндіктің көзін іздеп жүреді. Мемлекеттің аграрлық секторды дамытуға бағытталған бағдарламаларына, несиелендіру бағыттарына құлағы түрік.

– Ауылдағы ағайын атакәсібінен түпкілікті ажырап қалған жоқ. Жеңілдетілген несиелер мал басын арттыруға да, мал өнімдерін өңдеуге де жол ашады, – дейді кәсіпкер.

Г.ЖАЛҒАСОВА.
Қармақшы ауданы.

● ЭКОНОМИКА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ДӘРІ-ДӘРМЕК БАҒАСЫН ІШІНАРА МЕМЛЕКЕТ РЕТТЕЙТІН БОЛАДЫ

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі дәрілердің бағасын реттеу үшін заң жобасын әзірлеп жатыр. «Бізге тез арада іс-қимыл жоспарын әзірлеп, кәсіпкерлермен бірге барлық түйткілдерді талқылауымыз қажет. 2017 жылдың тамызына қарай тиісті заң жобасын әзірлеп, Үкіметке енгізуді жоспарлап отырмыз», – делі бұл туралы министр Е.Біртанов.

Дәрі-дәрмек сатып алу саласында 2015 жылдан бастап баға белгілеу жүйесі табысты жұмыс жасап келе жатқанымен, Денсаулық сақтау министрлігінің бөлшектік нарықтық бағасына әсер етуге ешқандай өкілеттілігі жоқ. Осыған байланысты дәріханаларда сатылатын дәрі-дәрмек бағасын бюджет қаражатынан сатып алынатын дәрі-дәрмек бағасымен салыстырғанда 3-4 есеге көтеріп жіберген жағдайлары кездеседі. Ал мемлекет «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР кодексіне өзгерістер енгізген соң ғана бөлшектік сегментті реттеуге құқылы болады.

Бағаны реттеуді қолға алған министрлік фармацевтика бизнесімен айналысып отырғандарды тәубесіне келтіруді көздеп отыр. Бұған дейін Денсаулық сақтау министрлігі аурухана мен емханалардағы бағаларды ғана реттеп келді.

Дәріханалардағы дәрі бағасы бетімен кеткелі қашан. Мұндағы қымбатшылыққа шағымданытын тұрғындардың саны уақыт өткен сайын арта түседі.

«Елімізде дәрінің 8 мыңға жуық түрі бар. Соның тең жартысының бағасын мемлекет реттесейді. Сондықтан баға әртүрлі. Енді дәрі-дәрмек нарығын толық бақылау үшін «Денсаулық туралы» заңға өзгеріс енгізіп, дәріхана иелері бағаны жөніс өсіруге тыйым саламыз», – дейді Денсаулық сақтау министрлігі медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті төрайымының міндетін атқарушы Лариса Пақ.

Осыған орай алыпсатарлардан қутылу үшін интернет арқылы медициналық препарат сататын сайттардың жұмысы жетілдірмекші. Осы арқылы министрлік бағаны ұстап тұрамыз деген үмітте.

Дәрілік өнімдердің басым бөлігі Ресейден тасымалданып болғандықтан өндірушілерден дәріханаға жеткенше баға шарықтап, тұтынушының қолына бірнеше есе өсіп түседі. Ал отандық дәрі өндірушілер ішкі сұраныстың ме-

жөрілесе Қырғызстан, сондай-ақ Әзірбайжан да өз қолына алды. Қалыптасқан жағдай бойынша, қырғыз елінде дәріханалар бір препаратты әртүрлі бағада сатады. Мұнда алдымен аса қажетті дәрілердің бағасы бақыланады. Қазір елде дәрі-дәрмек бағасы жеткізушілер мен сатушылардың құзырында. Осыған орай Үкімет елдегі жеке қолдарға өтіп, бақылаусыз қалған фармацевтикалық саланы реформалау керек деген қорытындыға келіп отыр.

Қырғыз үкіметінің шешімін дәріхана ісімен айналысып жүрген жеке кәсіпкерлер де қолдауда. Олардың айтуынша, саланы ретке келтіріп, дәрі-дәрмекті халыққа қолжетімді ететін уақыт әлдеқашан жеткен. Егер билік бастаған істі аяғына дейін жеткізсе, кәсіпкерлерге де, халыққа да тиімді болады. Дегенмен, Үкімет бұл бастаманы жүзеге асыру көп уақытты қажет ететіндігін айтады. Онда бағаны реттеудің тиімді жүйесін құрып қана қоймай, тауарды әкеліп, сатумен айналысатын кәсіпкерлердің де мүддесін қорғау керек. Сондықтан Үкімет елдегі барлық препараттың емес, алдымен аса қажетті дәрілердің бағасын реттеуді қолға алу қажеттігін айтады.

Дайындаған Ж.ӘЛІМАХАН.

● БРИФИНГ

«ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚ» ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ



Есірткінің заңсыз айналымына тосқауылды күшейту, нашақорлықтың алдын алу мақсатында облыста «Есірткісіз болашақ» жобасы басталды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте белгілі болды.

Соңғы бес жылдан бері есірткінің заңсыз айналымында өсу динамикасы сақталып отыр. Өткен жылдың өзінде 50 гектар жерге адамды ақыл-есінен айыратын шөп егілген. Брифингте облыстық прокуратура басқармасы бастығының орынбасары, әділет кеңесшісі Нұркен Тұрғанбай қолбайлау болып тұрған бірқатар күрделі мәселені алға тартты.

– Есірткі заттары мен ескілерін анықтайтын жаңа техникалық жабдықтар жоқ. Құқық қорғау және арнайы органдар қолданған шаралар жеткіліксіз. Бұл бизнеске жекелеген тәртіп сақшыларының өздері қатысады. 2016 жылы осындай екі факт анықталды. Есірткі қолданығындар толық және шынайы есепке алынбайды, – делі ол.

Жоба аясында колледж оқушылары арасында тест тілімше арқылы профилактикалық тексеру жүргізіледі. Ол үшін өздері немесе ата-аналары келісім беруі тиіс. Облыстық ІІД бөлім бастығы Гаухар Омарова Ішкі істер министрінің бұйрығымен «Дельта-Сырдария» бөлінісі құрылғанын айтты. Аймаққа қосымша басқа аумақтық тәртіп сақшылары бөлініп, соңғы үлгідегі техникалық құралдар қолданылады. Қылмыстар мен құқықбұзушылықтар туралы естіген-білген жағдайда прокуратура мен полицияға хабарласуға болады.

Брифингте сондай-ақ облыстық наркология орталығы бас дәрігерінің орынбасары Гүлайым Сейілханова, облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы Нұркен Мықбасов атқарылған шаралар мен алдағы жоспарларға тоқталды.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.
Н.НҰРЖАУБАЙ (сурет).

БИЗНЕСТЕГІ ӘЙЕЛДЕР

Қызылордада көшбасшы әйелдер мектебінің оқыту маусымы ашылды. Ол облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының бастамасымен бытыр құрылған еді.

Өткен сенбіде «Достық үйінде» болған қыз-келіншектер кездесуінде мектеп жетекшісі Айжан Шегенова содан бері әртүрлі жастағы және саладағы 40 әйел бизнес әліппесін менгергенін айтты. Олар кәсіп ашып, жұмысқа тұрып, қызметте жоғарылаған. Биыл тағы 100 адамды оқытып, түлектерді жаңа қоғамдық жобаларға тарту жоспарланып отыр. Осы күні әйелдер кәсіпкерлігінің апталығы мен арнайы білім жобасы қорытындыланды. Жанна Аманова басқаратын көшбасшы әйелдер кеңесінің мүшелері бизнестің бірнеше түрін құру және дамыту тәжірибелерімен бөлісті.

Н.САНИЯЗОВА.

EXPO

2017

ASTANA

FUTURE ENERGY

«Астана ЭКСПО-2017» АҚ Ұлттық компаниясы Халықаралық мамандандырылған ЭКСПО-2017 көрмесі үшін БАҚ аккредитациясы 2017 жылдың 20 наурызынан бастап ашық деп жарияланды. Аккредитация қорменің соңы, яғни 9-қыркүйекке дейін жалғасады.

БАҚ өкілдеріне арналған аккредитация іс-шараның өту барысын жеткізе отырып, кәсіби мақсаттарды жүзеге асыру үшін Медиа-центр мен арнайы аймақтарға кіруге рұқсат етіледі. Қазақстандық БАҚ өкілдеріне арналған аккредитация мына тәртіп бойынша жүргізіледі:

- БАҚ өкілі компанияның «Аккредитация» деген мәзірге кіріп, «БАҚ үшін Аккредитация» бөлімін тауып, келісімді алу үшін арнайы үлгіні толтыру керек;
- Интерактивті үлгіні толтыру кезінде қандай да бір қиыншылықтар туса, БАҚ өкілі сайттан сол үлгіні жүктеп, Word пішінінде толтырады. Сұралған құжаттарды тіркеп, мына электронды адреске жолдайды: asstg.media@expo2017astana.com

Аккредитацияға өтінім беру үшін мына құжаттарды толтыру керек:

- Журналистің уақытша немесе тұрақты аккредитациясы туралы БАҚ басшылығының жазған хаты;
- Аккредитация үлгісін толтыру (үлгі компания сайтында «БАҚ үшін Аккредитация» бөлімінде жарияланған);
- Мына талаптарға сай БАҚ өкілінің фотосы:
- Түрлі түсті болуы керек;
- gif, jpg или .png. форматтында болуы керек, көлемі кем дегенде 512 Kb, фото пішіні 3x4;
- Фотоның 70-80 пайызы бет пішініні алу керек;
- Фото алты айдан бұрын жасалауы керек.
- ҚР жеке куәлігі немесе паспорттың түрлі түсті көшірмесі (тек Қазақстан Республикасының азаматтарына)

Үлгіні жіберіп, арнайы тексеруден өтіп, оң нәтиже алғаннан кейін БАҚ өкіліне аккредитация картасы беріледі.

Аккредитациядан өту кезінде қандай да бір сұрақтар кездессе, мына байланыс телефоны арқылы хабарласыңыз: +7 (7172) 93-89-43 дүйсенбі мен жұма аралығында сағат 9-00-ден 19-00-ге дейін, немесе мына электронды поштаға жазсаңыз болады: asstg.media@expo2017astana.com

АҚ «Астана ЭКСПО-2017» ҰҚ
Қоғаммен байланыс департаменті.

САЯБАҚТАН СЕРПІН АЛҒАН СЕНБІЛІК

Облыс әкімінің өкіміне сөйкес, 2017 жылдың 11 наурызы мен 10 мамыр аралығы өңір елді мекендерінде санитарлық тазарту, көркейту және қоғалдандырудың ескі айлығы жарияланған болатын. Сәуір айының алғашқы сенбілігі Тұңғыш Президент атындағы саябақта ұйымдастырылды. Сенбілік аясында бірқатар басқарма қызметкерлері саябақ ішіне тазалық жұмыстарын жүргізіп, көшеттер отырғызды.

– Аймақ тазалығына жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Сонда ғана өңір ажары айшықталыа түседі. Бүгінгі сенбілік аясында басқарма қызметкерлері өз қаласына деген жауапшылығын танытты. Саябақ аулысына 500-ден астам сағым ағаш егілді. Игі бастаманы жалғап, Сыр елінің көркейіп-қоғалдануына өз үлесін қосуға атсалысушылар саны арта түседі деп үміттенемін. Осындай жұмыстарда белсенді болуымыз қажет, – делі облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Шөменов.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҮЛЫ.

КӨРКЕЙСІН ДЕСЕҢ, КӨШЕТ ЕК

Өткен аптада Қазалыда ағаш отырғызу акциясы өтті. Осынау игілікті іске аудан әкмі Нұжмадин Шамуратов бастаған ел ағалары, жергілікті тұрғындар белсене қатысты. Теміржол вокзалы маңындағы саябаққа ағаш көшеттерін ескен қауым арасында Қазалы ауданының құрметті азаматы Самұрат Иманжолев, облыстық мәслихат депутаты Минажолі Отеев, көпшілікке танымал тұлғалар болды.

Қоршаған ортаны қоғалдандыруды мақсат тұтқан шарға нәтижесінде қала, кент, ауылдық округтерде барлығы 5 мың түп тап егілді.

Аудан әкімінің өкімімен жарияланған көктемгі көркейту-қоғалдандыру және санитарлық-тазалық жұмыстары 11-наурыздан басталған еді. Содан бері аудан көлемінде төрт мәрте өткізілген сенбілікте қиуар шаруа тындырылды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.



● МАМАН КЕҢЕС БЕРЕДІ

КӘСІП АШСАМ ДЕП ЕДІМ...

Облыстық кәсіпкерлер палатасы қызметкерлері жергілікті кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаумен қатар, оларға ақыл-кеңес береді. Өткен жылдың өзінде палатаға бизнес өкілдерінен 251 өтініш түсіп, оның 103-і өз шешімін тапты. Сондай-ақ, 200-ге жуық кәсіпкердің құқығы қорғалып, оларға келтірілетін 200 млн теңгеден астам шығын қайта қалпына келтірілді.

Бүгінде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғауды жедел әрі жүйелі шешуге негізделген палатаның негізгі диалог алаңы Кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі кеңес болып табылады. Палатаның Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына «Ауылдан жеке балабақша ашқым келеді. Осыған байланысты мемлекеттік қолдау түрлері туралы кеңес бересіздер ме?» деген сауалдар жиі қойылып жүр. Аталған сұраққа және ауылдық елді мекенде басқа да кәсіпмен айналысу үшін қандай жұмыстар атқару керектігі жөнінде облыстық кәсіпкерлер палатасының кеңесшісі Айгүл Төлекова толыққанды жауап беріп, балабақша ашуға ниет білдірушілерге өз кеңесін берді.

Ауылдық елді мекендерде қандайда бір кәсіп ашу үшін өзіне тиісті мемле-

кеттік қолдау бағдарламалары жөнінде ақпаратты облыстық кәсіпкерлер палатасынан алуға болады. Алдымен сіздің осыған дейін жеке кәсібіңіз бол-маса, мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, несие алу үшін бизнес бас-тамаларына үйрету мақсатында ұйым-дастырылатын 2 күндік тегін «Бизнес-кеңесіш» курсын оқуыңыз қажет. Бұл курста сізге кәсіпкерліктің негізгі ұғымдарын, кәсіпкерлікті бастау жол-дарын түсіндіреді. Сонымен қатар, сізге бизнес-тренерлерден кәсіпкерлікті бастауға қатысты өзіндік толғандыратын сұрақтардың барлығына толық жауап алуға мүмкіндік болады.

«Бизнесстің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында, бастауыш кәсіп-керлерді 20 млн теңгеге дейін несие-лендіру қарастырылған. Оның талап-тарын бойынша бизнес-жоспарға сай өз жобаныңызға қажетті қаржының 15-30 пайызын банк депозитіне кепіл ретінде салуыңыз қажет. Сөбөбі, бастауыш кәсіп-керлер үшін кепіл тек ақшалай нысан-да ғана алынады. Кейін несие толық жабылған соң, бұл қаржы өзіңізге қайта-рылады. Кейбір банктердің ішкі саясаты-на сәйкес, кепіл ретінде жылжымайтын мүлікте де қабылдайды.

Бағдарлама бойынша несиеңіз субсидиялау ауыл тұрғындары үшін 10 пайыз-ды құрайды. Яғни, бұл ретте сіз несиеңіз 9 пайызбен төлейсіз деген сөз. Субсидиялау 3 жылға дейін беріледі. Үш жылдан соң тиісті құжаттар тапсырып, субсидиялауға өтініш білдірсеңіз, тағы 3 жылға дейін созуға мүмкіндігіңіз бар. Сонымен қа-



тар, егер кепіл соманыз жеткіліксіз бол-ған жағдайда «Даму» кәсіпкерлікті дамы-ту қорының облыстық филиалы арқылы жетпей тұрған соманыңызға кепілдендіру алуыңызға болады. Ол үшін банкке құ-жаттар тапсырған уақытта кепілдендіруге қосымша өтініш бересіз.

Бағдарлама бойынша алған несиеңіз-дің 70 пайызы негізгі құралдарды, ал 30 пайызы айналым құралдарын алуға жұмсалып тиіс. Тағы бір ескерте кететін мәселе, бағдарлама бойынша алынған не-сие сіздің есепшотыңызға түспейді. Ол қаражат бизнес-жоспарда көрсетілген құрал-жабдықтарды сатушының есеп-шотына түседі. Ал сіз бірден тиісті құрал-жабдықтарды аласыз. Бағдарлама бой-ынша несиелендіруді екінші деңгейдегі

банктер жүзеге асырады. Сондықтан не-сиелендіру бойынша шешімді банктер қабылдайды. Осы орайда сіздің несие та-рихыңыздың таза болуының маңызы зор.

Ауылдық елді мекенде балабақша ашқаннан кейін «Балапан» бағдарламасы аясында әр балаға 24280 теңгеден мем-лекеттен қайтарымсыз субсидия алуға болады. Аталған бағдарлама 2020 жыл-ға дейін жалғасын табады. Сонымен қатар, облыстық кәсіпкерлер палата-сы бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, статистикалық есептілікті жасау, келен рәсімдері бойынша, кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғын-дардың өтінімдерін сүйемелдеу, заң қызметтері, маркетинг сұрақтары бой-ынша, ақпараттық технологиялардың қызмет көрсетуі саласында кеңес беру қызметтері, мемлекеттік сатып алулар, ұлттық компанияның мен жер койнауын қолданушылардың сатып алулары бой-ынша кәсіпкертерді жүзеге асыруда қолдау көрсетеді.

Жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жыл-дарға арналған бағдарламасы аясында кәсіпкерлік дағдыға үйрету жобасы бой-ынша шағын несие алуға да мүмкіндігіңіз бар. Бірақ ол үшін жобаның аудандық кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік қар-тасына енуі қажет. Сондай-ақ, аталған бағдарламаның талабына сай арнайы оқу курстарын оқу міндетті. Сіздің жобаның бойынша шағын несие – 1200-1400 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) көлемінде беріледі.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.



«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы (бұдан әрі – конкурсы) өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін таратуға, от-басы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурсты өткізудің мақсаттары – от-басы институтын, адамгершілікті, руханилықты нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың ма-ңызды танау, ата-аналардың бала тәрбиелеу-дегі жауапкершілігін арттыру, отбасылық құн-дылықтарды, көмелетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқор болуын дәрiпттеу, және кенінен насихаттау, қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау.

Конкурсқа отбасылар (бұдан әрі – үміткерлер) қатысады. Конкурс Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында ашық нысанда өткізіледі. Конкурсның жеңімпаз отбасысы жалпыға ортақ интерактивті дауыс беру негізінде айқындалады. Конкурсқа қатысуға мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары отбасылар жіберіледі.

Қызметі Қазақстан Республикасының ау-мағында тыйым салынған ұйымдардың құ-рамына кіретін (кірген) мүшелері бар және бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурс үш кезеңде өткізіледі. Бірінші кезең – аудандық (қалалық), екінші – өңірлік, үшінші – ұлттық.

Конкурсқа қатысуға өтінім (Қазақстан Респу-бликасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 181 қаулысымен бекітілген Қағидаларға сәйкес нысан бойынша) аудандық (қалалық) комиссияға 2017 жылғы 1-30 сәуір аралығында берілуі тиіс. Конкурсның ұйымдастырушылары қалалық, аудандық ішкі саясат бөлімдері және облыстық ішкі саясат басқармасы болып табылады.

2017 жылдың II-тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы торағасының және комиссия мүшелерінің жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың аты, жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Мұбаракوف Қамбарбек Амангелдіұлы	Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы	Сәрсенбі сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, Облыстық мекемелер үйі, каб №136 а	60-54-66
Сатлабаев Мирамбек Ахметұлы	Комиссия мүшесі	Дүйсенбі сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, каб №136 б	60-54-62
Ильясов Талғат Ибрағимұлы	Комиссия мүшесі	Сейсенбі сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, каб №132	60-54-64
Садлақасова Айгүл Аманхановна	Комиссия мүшесі	Бейсенбі сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, каб №134	60-54-65
Мусабеков Роман Темирбекович	Комиссия мүшесі	Жұма сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс №1, каб №133	60-54-63

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс Кодексін бекіту туралы» Жарлығына және 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-Ұ ҚРЗ «Сыйбалас жеңмекорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қызылорда облысы бойынша тексеру комис-сиясында 60-54-70 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

«Шығыс Құмкөл кенішіндегі су айдалау жүйесі. СТБ бекіткенің №238 ұңғымасына дейін 4-й айдалау құбырын тарту», «Қарабулак кенішіндегі мұнай жинау жүйесі. №27, 28, 35 ұңғымалардан аралық құбыр тарту» және «Солтүстік Нұралы кенішіндегі мұнай жинау жүйесі. №1 колденен ұңғымадан №1 топтық қондырғыға дейін 4-й аралық құбыр тарту» жұмыс жобалары бойынша қоғамдық тыңдаудың қорытындысы.

Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, №13 мекенжайы бойынша «Шығыс Құмкөл кенішіндегі су айдалау жүйесі. СТБ бекіткенің №238 ұңғымасына дейін 4-й айдалау құбырын тарту», «Қарабулак кені-шіндегі мұнай жинау жүйесі. №27, 28, 35 ұңғымалардан аралық құбыр тарту» және «Солтүстік Нұралы кенішіндегі мұнай жинау жүйесі. №27, 28, 35 ұңғымалардан ара-лық құбыр тарту» және «Солтүстік Нұралы кенішіндегі мұнай жинау жүйесі. №1 колденен ұңғымадан №1 топтық қондырғыға дейін 4-й аралық құбыр тарту» тақырыбына қоғамдық тыңдаулар өтті.

Тыңдаулар жергілікті атқарушы орған-дар өкілдерінің, қоғамдық бірлестіктер өкіл-дерінің, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресор-сиз» АҚ және жобалау тобы өкілдерінің қатысуымен өтті. Жоспарланып отырған қызметті бағалау кезінде ықтимал әсер ету объектілері атмосфералық ауа, топырақ пен өсімдіктер болып табылады. Беткейлік және жерасты сулары біріншілердің шалғайлығына және екіншілерге едәуір әсер тиімділігіне байланысты қарастырылмайды. Жоба әзірлеу-шілердің айтуынша, объектілерді пайдалану

кезінде қоршаған ортаға әсер болар-болмас болады және кері әсерін тигізбейді және табиғат қорғау іс-шаралары сақталған жағдайда экологиялық қауіп-қатерге әкеп соқпайды. Осыған байланысты іс-шараларға қатысушылар шешім қабылдағы КОҚБ мате-риалдары мемлекеттік сараптамаға жіберіледі. Ақпарат ҚР КОҚ министрлігі 28.06.2007 жылғы №204-п бұйрығымен бекітілген «Қор-шаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың» 61-тармағын орындау үшін ұсынылған.

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акцио-нерлік қоғамы «Шығыс Құмкөл кенішіндегі су айдалау жүйесі. СТБ бекіткенің №238 ұңғымасына дейін 4-й айдалау құбырын тарту», «Қарабулак кенішіндегі мұнай жинау жүйесі. №27, 28, 35 ұңғымалардан ара-лық құбыр тарту» және «Солтүстік Нұралы кенішіндегі мұнай жинау жүйесі. №1 колденен ұңғымадан №1 топтық қондырғыға дейін 4-й аралық құбыр тарту» жұмыс жо-балары жөніндегі құжаттамамын мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

2007 жылғы 9 қантардағы №212-ІІІ Қазақ-стан Республикасының Экология кодексі-нің 57-бабының 2 тармағының талаптарына сәйкес, барлық мүдделі азаматтар мен қоғам-дық бірлестіктерге мемлекеттік сараптама-дан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны (7242) 29-92-11.

● САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ – 80 ЖЫЛ

ҚАТЫГЕЗ САЯСАТТЫҢ ҚҰРБАНЫ

Өз дәуірінің ұлы ойшылы Ахмет Үгінеки бабамыз «Жамандық жасаған да, жасықсып жасаған да, бәрібір жауапсыз қалмайды», – деп есiet қалдырған екен. Сол айтылғандай, тарихымызда әлі күнге лайықты бағасын алып болмаған ақтаңдақ тұстарымыз аз емес. Кешегі кенестік кезеңдегі асыра сілтеушіліктен туындаған адам айтқысыз ашытқ, одан әрі голощекиндік геноцид, сталиндік қуғын-сүргінге ұласып, ұлт тағдырына жасалған қанқұйлы қастандық болатын.

– Небәрі 34 жасында «Қызыл қырғынның» қурығына ілінip, жазықсыздан жазықсыз он жылға кесіліп, қырықтың қыркасына жетпестен Волголағ лагерінде мерт болған әкеміздің қиын тағдырынан бала күнімізде мүлдем хабарсыз болатынбыз, – дейді әңгімесін әріден бастаған әріптес ағамыз, Қазақстанның құрметті жур-налисі, Қазақ радиосының үздігі Ахат Жанаев. – Бұл жөнінде бізге анамыз да, әкеміз де, ағайын-туыстарымыз да сыр аша бермейтін. Бәлкім, өзгелердің көзіне түрткі болмасын, ержеткен соң өздері естіп, біле жатар деген шығар.

Иә, үлкен кісілер дастарканда бас қосқан сәттерінде ашық сырласпайқ деймі ме, әйтеуір ойын балалар-ын манайына жуытпа бермеген көрінеді. Сонда онаша отырғанды қолай көрген олар өзекті өртер өксікті ортаға салып, көкіректі кернеген шерлерін тарқатсатын болған ғой. Бірде бір кейуананың: «Көресіні ләгнет жауғыр «үштіктен» көрдік қой, елдің бас көтерер, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарын абақтыға үсті-үстіне тоғытып жатса да, айызы бір қанар емес» деген сөзін көнекөз қариялардан естігеніміз бар еді.

1935 жылдың 27 мамырында Сталиннің қолдауымен ішкі істер халық комиссариатының арнайы бұйрығымен құрылған ойгілі «үштіктің» қызметі – халық жауларымен аяусыз күресу, елді күдікті, сенімсіз жандардан тазарту болған екен. Ә дегеннен «шаш ал десе, бас алған» әлгі «үштік» бейқұн жандардың қанын судай ағызған саясаттан түк те хабары жоқ, әліппі таяқ деп білмейтін, тіпті ақшаны жөндеп айыра алмайтын қарапайым шаруаның үстінен де шағым түсер болса, дереу абақтыға тоғытқан. Бұл «альбом бойынша соттау» деп аталған.

Осы альбом бойынша құрыққа ілінгендерге азаптау-дың, ұрып-соғудың небір адам айтқынсыз тәсілдері қолданылыпты. Бұдан ілуде біреу болмаса жан сақтап, тірі шығудың өзіне жігіттің жігіті ғана шыдас берген деседі білетіндер. Тағы бір ерекше атап өтер жайт – жалған жаламен жазаланғандарға айыбын еріксіз күштеп мойындатқан бойда тезірек көпші жонюға асыққан. Айыпкерлердің тұсында «Р» әрпі (растрел) тұрса болды, сол күні-ақ олардың жанын жаһаннамға жіберіп отырған.



Біздің бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған зұлмат құрбаны Әбжаппар Жантұғанұлы – Жалағаш ауданының тумасы. Өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу іскер басшысы болған ол 1903 жылы қазіргі «Ақсу» ауылында Шөгірлі көлінің жағасында өмірге келген. 1910 жылдың жазында ата-анасы Ақмешітке көшіп келіп, ұлын бастауыш мектепке орналастырады. Өкінішше олай, көп ұзамай әкесі Жантұған, анасы Ырзақүл өмірден өтіп, үйелмелі-сүйемелі әксі үл мен көс қыз жетім қалады. Пана-сыз қалған жөнілерін анасының Ақмешітте тұратын туған сипісі Керімкүл Жұманқызы өз тәрбиесіне алып, ел қатарына қосады.

Алғашқы еңбек жолын Қызылорда ет комбинаты-да қатардағы жұмысшыдан бастап, басшылық қызметке дейінгі сатылардан өткен Әбжаппар Жантұғанұлы жи-рыма төрт жасында партия қатарына өтеді. 1928 жылы Қарбайқызы Айтқұлмен шаңырақ көтеріп, Ерхан, Нұрхан, Ахат есімді балалары өмірге келеді.

1932-1934 жылдар аралығында Түркістан және Қазалы ет комбинатының басқарып, мол тәжірибе жинақтаған екі тілге бірдей жетік толымды тұлға 1934 жылдың жазында Украинаның Полтова қаласындағы біржылдық жоғары партия мектебіне оқуға жіберіледі. Мұнда одақ көлеміндегі ет және сүт өнеркәсібінің басық кадрлары даярланады екен. Оқу орнын қызыл дипло-мен бітірген оны сол 1935 жылдың жазында Әулиеата (Тараз) ет комбинатына директор етіп тағайындапты. Комбинатты екі жыл басқарған Әбжаппар Жантұғанұлы 1937 жылдың 26 қарашасында «халық жауы» деген жалған жаламен 10 жылға сотталып кетеді.

– Ес біле бастағаннан шарқ ұрып әкемізді іздейтінді шығардық. Содан бір күні анамыз шыңдықтың бетін ашты, – дейді Ахат аға әңгімесін сабақты түсіп. – Осы уақытқа дейін әкелеріңді қан майданның бел ортасында ата жаумен шайқасып жүр деп келіп едім. Енді имандай шындықты айтпауға арым жетер емес. Шындықты бүркемелеуге, біріншіден, онсыз да жабыр-қау жүректерінді жараламайын десем, екіншіден, кейін өздеріне кесірі тиер, жолды байлар, өзге жұртқа жіркенішіткі етер деп қауіптендім. Мұным дұрыс бол-ды ма, бұрыс болды ма, оны кейін өздерін бағамдай жатарсыңдар. Иә, әкелерің 1937 жылдың қараша айы-нда он жылға сотталды. Мерзімін түгел еткеннің өзінде 1947 жылдың күзінде елге оралуы керек-ақ еді. Енді екінші жылға қарады, хабар-ошар болмай жатыр, – деген болатын. Саяси қуғын-сүргін азабын әкеміз жана емес, анамыз да, тіпті біз де молынан тарттық. Анам аштан қырылмайық деп елге көшіп, ағайындары паналдық. 1948 жылдың күзінде азаматын он бір жыл бойы сары-ла күткен анам да қайтса болды. Сөйтіп, Үлбосын есімді нағашы әкеміздің қамқорлығында қалдық. Бізді оқытып, ел қатарына қосқан қайран ежем 1973 жылы тоқсан төрт жасында өмірден озды.

1938 жылдың 28 қантарында Волголағ колониясы-на жеткізілген Әбжаппар Жанаев Елді өзенінің бойында Рыбинск плотинасынан тұрғызды қатысып, нормалау-шы жұмысын атқарған. Аққай демі үзілгенше әділдік іздеп, жоғары жаққа шағымданумен болды. Бұған 1938 жылдың 17 қазынында Сталинге жолдаған хаты мен өзге де құзырлы орындарға жазған өтініштері күй. Өкінішке орай, олардың бәрінде де жауап қайтарылмаған. Осылай-ша, елім деп енірер өткен есіл ер әділетсіздіктің құрбаны болып, 1942 жылдың 20 мамырында Елді бойындағы Волголағ қондигерінде 39 жасында дүниеден өтті. Бұл қаралы хабарды Жанаевтар әулеті 1958 жылдың күзінде азаматы біржола ақталған соң ғана естіп, білген екен.

Жалпы «халық жауы» болып ұсталғандар аз ішіп, аяқ бастаушылар болмаған. Колониялардағы олардың күшімен соғыстың алғашқы үш жылында құрылыс нысандарының жиырма пайыздайы атқарылған.

Саяси қуғын-сүргін Қазақстанға зор зұлмат әкелді. Қазан төңкерісінен кейінгі колхоздастары, күштеп мүлкін тәркілеу, осылардан барып туындаған адам айтқысыз ашытқ, босқынылық, голощекиндік гено-цид, сталиндік репрессия салдарынан қазақ халқы өзінің ұлттық құрамының 42 пайызынан айырылған екен.

Бастыбай БЕРДІБАЕВ.

● **МЕМЛЕКЕТ КІМ ҮШІН ТӨЛЕЙДІ?**

- Балалар
- «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталған көп балалы аналар
- Ұлы Отан соғысының ардагерлері
- Зейнеткерлер
- Мүгедектер
- Күндізгі бөлімде оқитын колледж, КУ, институт, университет студенттері, сондай-ақ ЖОО-дан кейінгі білім алушылар
- Жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар
- 3 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыстағы тұлғалар
- Жұмыссыз жүкті әйелдер мен 3 жасқа дейінгі бала тәрбиелеуші аналар
- Уақытша ұстау, тергеу изоляторына қамалғандар және сот шешімі бойынша жазасын өтеуші тұлғалар

МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ МЕРЗІМДЕРІН АҒЫСТЫРУ ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес:

- Мемлекеттің Медициналық сақтандыру қорына жарна аудару мерзімі 2017 жылғы 1 шілденен 2018 жылғы 1 қантарға ауыстырылды
- Жұмыс берушілердің, дара кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, кәсіби медиаторлардың, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалардың қорға төлейтін аударымдары мен жарналары 2017 жылғы 1 шілденен бастап түсуі тиіс
- Жалдамалы қызметкерлердің жарна төлеу мерзімі бұрынғыдай – 2019 жылғы 1 қаңтар
- МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу құқығы және осы жүйе бойынша денсаулық сақтау ұйымын таңдау 2018 жылғы 1 қантардан басталады

ХАЛЫҚАҚ АРНАЛҒАН МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ӘР АДАМ БІЛУІ ТИІС!

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ – БІЗ СІЗДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫҢИЗ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІЗ!

ТОЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ТӨМЕНДЕГІ НОМІРЛЕР АРҚЫЛЫ БІЛЕ АЛАСЫЗДАР:

МӘМС мәселелері бойынша халыққа кеңес беру жөніндегі облыстардағы Call-орталықтар:

Ақмола	8 8000 806 481
Алматы	8 8000 808 828
Батыс Қазақстан	8 7112 240 006
Қарағанды	8 7212 955 559
Қостанай	8 7142 393 777
Қызылорда	8 7242 400 001
Маңғыстау	8 7292 303 060
Павлодар	8 7182 662 499
Солтүстік Қазақстан	8 8000 808 103
Жамбыл	8 7262 555 160
Оңтүстік Қазақстан	8 7252 545 075
Алматы	8 7273 000 103
Қазақстан бойынша:	8 8000 808 887 (тегің қорғау)

Бірыңғай байланыс орталығы – 1431

fsmskz@gmail.com www.facebook.com/fondoms/

Пейште нұрын шалқысын

Алдамыш өмір де-ген осы екен. Біріміздің ауаулы анамыз, немере-лерінің ардақты әжесі, жұбайының пәк жан-ды жолдасы, ағайын-туыстың мейірімді бауы-ры Қарлыға Сералықызы Нағашыбаева осы жыл-дың сәуірдің 2-сі күні 70 жасында өмірден озды.

Сөйтіп отбасымыздың сайын қалт жібермей бақылап отыратын қам-қоршымыздан айырылдық. Ал оның қызметтес достары, ағайын-жеқжаттарымыз сырласын, сыйласатын қимасын жоғалтты.

Анамыз Қарлыға Сералықызы 1947 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келді. Мек-теп бітірген соң облыс орталығындағы коопе-ративтік техникуман орта білімді сауда мамандығын алып шықты. Еңбек жолын облыс-тық тұтынушылар одағында есепші болып баста-ды. Кейін Шиелі, Жалағаш аудандары мен Қызылорда қаласындағы аталған салада ү

